

Қобда ауданы Өтек ауылдық округінің Өтек және Жарсай-2 ауылдарының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 13 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қазанда № 30215 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Өтек ауылдық округінің Өтек және Жарсай-2 ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Өтек ауылдық округі Өтек ауылының келесі көшелері:

Астана көшесін Спандияр Көбеев көшесіне;

Желтоқсан көшесін Қорқыт ата көшесіне қайта аталсын.

2. Өтек ауылдық округі Жарсай-2 ауылының келесі көшелері:

А. Құнанбаев көшесін Қабанбай батыр көшесіне;

М. Өтемісұлы көшесін Керей хан көшесіне;

Астана көшесін Нияз би көшесіне;

И. Тайманов көшесін Жәнібек хан көшесіне қайта аталсын.

3. "Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өтек ауылдық округінің әкімі

Ө. Ищанов